Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық – XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында қолдан жасалған келі-келсабымен.

Келі-келсап – қазақтың тұрмыс саласында бүгінгі таңда қолданыстан қалып қойған қазақтың көзіндей көне жәдігер деуге болады. Қазақ келіні – киелі ыдыстар қатарына жатқызады. Сондықтан келіні аяққа баспайды, келі мен келсаптан аттамайды. Киесі соғады. Кедейшілік басады. Жамандық басады. Келсаптың түйер басын жоғары қаратып қояды. Төмен қаратып қойса, іс ілгері баспайды, жұмыс мандымайды деп ұйғарады. Келсапты сүйретпейді, түнде далаға қоймайды. Үйге қойғанда келі мен келсапқа ақ мата жауып қояды.

Ұсынылып отырған келі-келсап XIX ғ. аяғы – XXғ. басында жасалған. Оңтүстік Қазақстан облысы. Тары, бидай т.б. дәнді-дақылдарды түюге, ұнтақтауға арналған ыдыс. Келі – біртұтас ағаш діңінен іші қуысталып, ойылып жасалған. Цилиндр пішінді. Аузы кең. Келінің жарылып кетпеуі үшін жоғарғы және төменгі бөліктері қайыспен оралған. Келсап – түюге арналған, қолмен ұстайтын ұзынша таяғы. Пішіні: ұзын, цилиндр тәрізді, біртіндеп жіңішкере түскен. Дәл ортасында қолға ұстайтын бөлігі бар. Бүтін қатты ағаштан жасалған. Бір жағы – ұстайтын бөлік – жуаңдау келген. Екінші жағы – түйетін бөлігі дөңгелене сүйір болып келген.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, антикварлық, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р. Тұрсымбекова**